

2011 жылы Сырым ауданында қаңтар-наурыз айларында азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 169 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 3 ақпанда № 7-10-98 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімінің 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімінің 2012.01.06 № 3 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып **ШЕШІМ Е Т Е М І Н** :

1. "Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) Сырым ауданында 2011 жылдың қаңтар-наурыз айларына тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және қ а м т а м а с ы з е т у т у р а л ы .

2. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі, денсаулық сақтау басқармасының "Сырым аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) шақыру учаскесінің әскери есебін тіркеу кезінде азаматтарды медициналық куәландырудан өткізуді дәрі-дәрмекпен, инструменттармен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз ету ұ с ы н ы л с ы н .

3. "Сырым аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі шақыру учаскелеріне тіркеу жұмысын ұйымдастыруға қоғамдық қызметкерлерімен қамтамасыз етсін.

4. Аталған шараларға байланысты шығын жергілікті бюджеттің қаражаты е с е б і н е н ө т е л с і н .

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

6. Осы шешімнің орындауын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Турегалиевке жүктелсін.

Аудан әкімі

Е. Нысанғалиев

КЕЛІСІЛДІ:

"Батыс Қазақстан облысы
Сырым ауданының қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы
----- К. Маканов

31.12.2010 ж.

Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі, денсаулық сақтау
басқармасының "Сырым
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынның
д и р е к т о р ы
----- А. Дүйсенғалиев

31.12.2010 ж.